



Т. Х. Ғабитов  
М. Б. Аликбаева

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Оқу құралы

ӘОЖ 502/504 (075.8)

КБЖ 20.1 я 73

F 14

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия және саясаттану факультетінің  
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі  
шешімімен ұсынылған  
(№4 хаттама 29 желтоқсан 2017 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

философия ғылымдарының докторы, профессор **А.Ш. Алимжанова**  
философия ғылымдарының докторы, профессор **Б.М. Сатершинов**  
философия ғылымдарының кандидаты **А.Ө. Өмірбекова**

**Ғабитов Т.Х.**

F 14 Экологиялық мәдениет: оқу құралы / Т.Х. Ғабитов,  
М.Б. Аликбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 188 б.  
**ISBN 978-601-04-3328-1**

Оқу құралының мақсаты – аталған тақырыпқа қатысты жарияланған еңбектерді, қазіргі Қазақстан Республикасындағы экологиялық ахуалды әмбебаптық тұрғысынан түсіндіру және болашақ табиғатпен үйлесімді өркениетті қалыптастыру жолдарын пайымдау болып табылады. Оқу құралының пәні – әлемдік және отандық экологиялық мәдениеттің қалыптасу ерекшеліктері. Тақырыптың көкейтестілігінен және оның шешілмеген мәселелік жағдайынан оқу құралының басты мақсатын айқындау мүмкіндігі туады. Оны – экология мен мәдениет ұғымдарының тарихта қалыптасқан үлгілерін сараптай келе қазіргі өркениеттілікті дамыту мен болашағын бағдарлауды экологиялық мәдениеттің алатын орны мен танымдық-практикалық қызметін анықтау деп түсінуге болады.

Оқу құралы бакалаврлар мен магистранттарға арналған.

**ӘОЖ 502/504 (075.8)**

**КБЖ 20.1 я 73**

ISBN 978-601-04-3328-1

© Ғабитов Т.Х., Аликбаева М.Б., 2018

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

---

## АЛҒЫ СӨЗ

Әр ғасыр адамзат тарихында өзінің ерекше бір оқиғаларымен оған қосқан сүбелі үлестерімен дараланады. XX ғасырға танылған теңеулер жеткілікті сияқты: атом, ғарыш, компьютер, психоанализ, демократия мен тоталитаризм ғасыры. Осындай белгі-рәміздердің тізімі экологиялық мәселесіз жетіспей тұратыны анық. Толассыз техникалық даму – ғасыр ортасынан аса сәл тоқтағандай болды. Оны ойландырған кедергіге ғаламдық экономикалық дағдарыс жатады. Апокалипсистің ең сұрапыл көріністері қайтадан елестей бастады. Барлығы жетіспейтін болып шықты. Шектеусіз техникалық даму адамзаттың өзінің өмір сүруін күмәнді етіп қойды. Осының бәрі экономикалық мәселені адамзат күнтізбегінің бірінші қатарына шығарды.

Біз оқу құралының объектісі ретінде алып отырған мәселе өзінің әмбебаптығымен және көпұштығымен айқындалады. Ғаламдық мәселе тек бір ғылым төңірегінде шешіле қоймайды. Басқа ғаламдар сияқты мәдениет философиясы да бұл мәселенің қойылуы мен шешімдерін ұсынуда ерекше белсенділік танытып тұр.

Жалпы алғанда, экономикалық дағдарыстың тоқтаусыз пайда табуға негізделген батыстық өркениеттің бүкіл әлемге бағытталған экспансиясынан қалыптасқаны мәлім. Жеке табиғатты қорғау шараларын жүргізуден бұрын осы ахуалға жеткізген адамдық әсіре белсенділікті шектеу қажет. Әрине, «адамды бар және болатын барлық нәрселердің өлшемі» (Протагор) деп алудың гуманистік маңызы бар екендігі талас тудырмайды. Бірақ осындай абстрақтылы гуманизм табиғатты тоздырып жібереді. Мәдениеттануда жасампаздық пен махаббат туралы жиі айтылып жүр. Енді оны табиғатқа қарай бетін бұру керек. Бізге экологиялық мәдениет қажет.